

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 1-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ережесі	

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Сенат шешімімен БЕКІТІЛДІ
2025 жылғы «19» желтоқсан
№ 5 хаттама

ЕРЕЖЕ

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК GPA ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Е-АсМУ-15-01-25

Астана қ.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым.
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	17 беттің 2- беті

АЛҒЫСӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** – Әлеуметтік – тәрбие жұмысы департаменті
- 2 **ӘЗІРЛЕУШІ:** – Әлеуметтік – тәрбие жұмысы департаментінің директоры
З.Н. Шаймерденова
- 3 **ЕНГІЗІЛГЕН:** – Әлеуметтік – тәрбие жұмысы департаменті
- 4 **БЕКІТІЛГЕН:** 2025 ж. « 19 » 12 № 5
- 5 **ҚОЛДАНЫСҚА** 2025 ж. 12 « 19 »
- 6 **ЕНГІЗІЛДІ:**
- 6 **КЕЛІСІЛДІ:**
 - Басқарма мүшесі, Академиялық жұмыс жөніндегі проректор А.К. Досанова
 - Басқарма мүшесі, Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор А.Д.Шакенов
 - Басқарма мүшесі, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор З.Т. Шульгау
 - Басқарма мүшесі, Стратегиялық дамыту және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.О. Мысаев
 - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы М.Е.Тукбекова
 - Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің директоры З.Н.Шаймерденова
 - студенттік ректор Н. Сайдакбарова
- 7 **ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** қажет болған жағдайда

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 2- беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Негізгі бөлім	4
3. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	8
1-қосымша	9
2-қосымша	11
3-қосымша	12
Келісу парағы	15
Өзгерістерді тіркеу парағы	16
Таныстыру парағы	17

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым.
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	17 беттің 4- беті

1. Жалпы ереже

1. Осы «Астана медицина университеті» КеАҚ білім алушыларының әлеуметтік GPA енгізу туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Білім алушылардың зерттеу және әлеуметтік құзыреттерін бағалаудың максаттарын, міндеттерін, тәртібін және ұйымдастырылуын айқындайды.

2. Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарының 105-тармағын орындау үшін (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 241 қаулысымен бекітілген), сондай-ақ:

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 15 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық, оның ішінде әлеуметтік GPA пилоттық режимде енгізу жөніндегі Ережені бекіту туралы» бұйрығына;

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы № 2 "Интегралды GPA енгізу бойынша Әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді.

3. Ереже Білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге, соның ішінде:

1) 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына;

2) ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 311-III Заңына;

3) ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңына сәйкес әзірленді.

4. Университетте әлеуметтік GPA (бұдан әрі – SGPA) енгізу денсаулық сақтауды, ғылымды дамытуға және қоғамдық денсаулықты нығайтуға үлес қоса алатын жоғары медициналық білімі бар құзыретті, жауапты және әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

5. SGPA көрсеткіші білім алушының ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-мәдени және спорттық жетістіктері негізінде оның жан-жақты дамуын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

2. Негізгі міндеттері

6. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

1) Осы Ережеде мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

Жетістіктердің әлеуметтік орташа балы (SGPA, Social Grade Point Average) — білім алушының оқу жылы ішінде оның әлеуметтік, еріктілік, спорттық, мәдени және ғылыми-зерттеу белсенділігін көрсететін дамуының кешенді көрсеткіші. Студенттің жеке және кәсіби дамуының қосымша көрсеткіші болып табылады және академиялық үлгеріммен байланысты емес.

Білім алушының әлеуметтік белсенділігі — студенттің университет пен қоғамды дамытуға бағытталған қоғамдық, мәдени, тәрбиелік, білім беру, экологиялық, патриоттық, профилактикалық, құқықтық және өзге де іс-шараларға қатысуы.

Волонтерлік қызмет – ресми құжаттармен (сертификаттармен, алғыс хаттармен, қатысушылар тізімімен және т.б.) расталған, адамдарға, ұйымдар мен қауымдастықтарға көмектесуге бағытталған білім алушының өтеусіз қоғамдық пайдалы қызметі.

Спорттық белсенділік — білім алушының спорттық жарыстарға, іс-шараларға, жаттығу бағдарламаларына, бұқаралық спортқа, төрешілікке және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуы.

Шығармашылық белсенділік – білім алушының мәдени, көркемдік, ағартушылық, шығармашылық және патриоттық іс-шараларға (концерттер, конкурстар, фестивальдар, қойылымдар, акциялар) қатысуы.

Білім алушының ғылыми белсенділігі — студенттің конференцияларды, жобаларды, конкурстарды, олимпиадаларды, жарияланымдарды және ресми құжаттармен расталған ғылыми қызметтің өзге де нысандарын қоса алғанда, ғылыми-зерттеу іс-шараларына қатысуы.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 4- беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	

Әлеуметтік құзыреттілік – білім алушының әлеуметтік ортада өзара іс-қимыл жасау, бастамашылық, көшбасшылық, топтық жұмыс, жауапкершілік және азаматтық ұстанымды көрсету қабілетін қамтитын жеке басының интегралдық сипаты.

Растайтын құжат – SGPA есептеу кезінде ескерілетін іс-шараға немесе белсенділікке білім алушының қатысуын куәландыратын ресми құжат (сертификат, диплом, алғыс хат, анықтама, бұйрық, қатысушылар тізімі және т.б.).

Ақпараттық жүйе – білім алушылардың жетістіктерін тіркеуге, растайтын құжаттарды жүктеуге, деректерді тексеруге және SGPA есептеуге арналған университеттің электрондық цифрлық платформасы.

SGPA бағалау жүйесі – білім алушылардың жетістіктерінің әлеуметтік орташа балын жинауды, тексеруді, есепке алуды, талдауды және есептеуді қамтамасыз ететін ережелер, рәсімдер мен алгоритмдер жиынтығы.

2) Құжатта келесі қысқартулар қолданылады:

SGPA — Social Grade Point Average (жетістіктердің әлеуметтік орташа балы) - білім алушының әлеуметтік, еріктілік, спорттық, шығармашылық және ғылыми белсенділігін көрсететін дамуының қосымша көрсеткіші.

ӘТЖД – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті - білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін ұйымдастыруды, сүйемелдеуді және деректерді верификациялауды жүзеге асыратын университеттің құрылымдық бөлімшесі.

Университет – «Астана медицина университеті» КеАҚ.

СР - Студенттік ректорат - студенттік өзін-өзі басқару - студенттердің әлеуметтік және еріктілік қызметін растауға қатысатын білім алушылардың белсенділік нысаны.

АЖ – растайтын құжаттарды жүктеуге, сақтауға және тексеруге, сондай-ақ SGPA есептеуге арналған Университеттің ақпараттық жүйесі.

РҚ – білім алушылардың белсенділігін есепке алу үшін пайдаланылатын растайтын құжаттар (сертификаттар, алғыс хаттар, дипломдар, анықтамалар, қатысушылар тізімі, бұйрықтар).

ОПҚ – университеттің оқытушы-профессорлар құрамы.

ҒДД – Ғылымды дамыту департаменті - білім алушылардың ғылыми белсенділігін растауға жауапты бөлімше (конференциялар, жарияланымдар, зерттеулер және т.б.).

СҰ – Университет базасында жұмыс істейтін бірлескен студенттік ұйымдар мен бірлестіктер.

7. Әлеуметтік GPA енгізу тәртібі:

1) университетте жетістіктердің әлеуметтік орташа балын (SGPA) енгізу білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін, көшбасшылық қасиеттерін, азаматтық белсенділігін қалыптастыру, сондай-ақ олардың қоғамдық, спорттық, мәдени, ғылыми және волонтерлік қызметке тартылуын арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

2) SGPA жүйесі курсына, білім деңгейіне және оқыту нысанына қарамастан университеттің барлық білім алушылары үшін енгізіледі және бір оқу жылы шегінде қолданылады. SGPA көрсеткіші жыл сайын студенттердің құжатталған белсенділігінің нәтижелері бойынша есептеледі;

3) SGPA енгізу және оның жұмыс істеуі мынадай қағидаттарға негізделеді:

білім алушылардың қалауы бойынша **еріктілік**;

жетістіктерді есепке алу рәсімдерінің **объективтілігі мен ашықтығы**;

ұсынылған деректердің дұрыстығы үшін **білім алушының жеке жауапкершілігі**;

студенттердің іс-шараларға қатысуына және балл алу мүмкіндіктеріне **тең қол жетімділігі**;

қызметтің барлық түрлерінің **ресми құжаттармен расталуы**;

Академиялық адалдық нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің нормативтік құжаттарына сәйкестігі.

8. SGPA енгізу процесі келесі қадамдарды қамтиды:

1) білім алушылардың деректерді тіркеуі және жүктеуі: білім алушы белгіленген нысанда өзінің Әлеуметтік, волонтерлік, спорттық, шығармашылық және ғылыми белсенділігінің түрлерін көрсете отырып, университеттің ақпараттық жүйесінде электрондық бейінді толтырады. Әр

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым.
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	17 беттің 4- беті

позицияға растайтын құжаттар бекітіледі.

2) деректердің толықтығын алдын ала тексеру: ақпараттық жүйе міндетті өрістердің толтырылуын және жүктелетін файл пішімдерінің дұрыстығын тексереді.

3) жауапты бөлімшелердің ақпаратты верификациялауы:

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті әлеуметтік, мәдени, еріктілік және спорттық белсенділікті тексереді және растайды.

Ғылымды дамыту департаменті ғылыми белсенділікті растайды.

Мектептер, кафедралар, оның ішінде кураторлар, СР және СҰ өз бағыты бойынша іс-шараларға қатысушылардың деректері мен тізімдерін ұсынады.

Белсенділіктің барлық түрлері ресми растау болған жағдайда ғана ескеріледі.

4) SGPA бастапқы рейтингін қалыптастыру: барлық қызмет түрлерін тексергеннен кейін жүйе білім алушының бастапқы рейтингін автоматты түрде қалыптастырады.

5) қорытынды деректерді растау: жауапты бөлімшелер деректерді салыстырады, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді, содан кейін қорытынды нәтижелерді бекітеді.

6) қорытынды SGPA есебі: SGPA қорытынды көрсеткіші белгіленген формула бойынша оқу жылы және одан кейінгі жазғы кезең үшін автоматты түрде есептеледі және келесі оқу жылының 1 қыркүйегінен кешіктірілмей Университеттің ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

9. SGPA көрсеткіші жинақтаушы болып табылмайды және тек ағымдағы оқу жылы шегінде қолданылады. Алдыңғы жылдардағы жетістіктер SGPA есебінде есепке алынбайды.

10. SGPA енгізу білім алушыларды қолжетімді іс-шаралар, балл алу мүмкіндіктері, құжаттарды растау рәсімі және деректерді беру мерзімдері туралы үнемі хабардар етумен қатар жүреді. Ақпаратты баспасөз қызметі университеттің ресми сайтында және Әлеуметтік – тәрбие жұмысы департаментінің ақпараттық ресурстарында (amu_dsvr, WhatsApp) орналастырады.

11. SGPA-ны ұйымдастыруға, әдістемелік сүйемелдеуге, дұрыс есепке алуға және уақтылы енгізуге жауапты:

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті;

Ғылымды дамыту департаменті;

Университеттің мектептері мен кафедралары;

Студенттік өзін-өзі басқару.

12. Университет техникалық қолдауды, деректердің сақталуын және SGPA есептеу үшін қолданылатын ақпараттық жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

13. Техникалық іске асыру:

1) цифрландыру департаменті - тиісті процестерді автоматтандыру құралдарын әзірлеуді, енгізуді және сүйемелдеуді жүзеге асырады.

2) білім алушы қызметтің барлық түрлерін көрсете отырып және растайтын құжаттарды жүктей отырып, университет бекіткен ақпараттық жүйеде электрондық бейінді толтырады.

3) жауапты тұлғалар деректерді тексеруді жүзеге асырады:

Ғылымды дамыту департаменті – білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін Растауды және бағалауды қамтамасыз етеді;

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті – деректерді жинауды, өңдеуді және жүйелеуді жүзеге асырады;

Мектептер, кафедралар және студенттік өзін-өзі басқару – білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін растауды қамтамасыз етеді.

Оқу жылының соңында Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті бекітілген формула бойынша SGPA жеке көрсеткішін шығарады.

14. Студенттерді SGPA-ға ынталандыру саясаты:

1) білім алушыларды әлеуметтік, спорттық, еріктілік, шығармашылық және ғылыми қызметке қатысуға ынталандыру саясаты студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын ынталандыруға, олардың жеке және кәсіби дамуы үшін жағдай жасауға, сондай-ақ университет түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

2) білім алушыларды ынталандыру нысандары мынадай көтермелеу шараларын қамтиды:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым.
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	17 беттің 4- беті

Студенттердің жетістіктерін университеттің ресми сайтында, әлеуметтік желілерде, сондай-ақ «Университет мақтанышы» Құрмет тақтасында жариялау;

Комиссияның шешімі бойынша студенттік жатақханадан орын беру;

Республикалық және халықаралық іс-шараларға, олимпиадалар мен конкурстарға қатысу үшін ұсынымдар;

Ректордың «Алғыс хатын», сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің және өзге де мемлекеттік органдардың алғыс хаттарын тапсыру;

Атаулы стипендиялар беру, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына және шетелдік тағылымдамаларға іріктеу кезінде, конкурстық шарттар тең болған кезде есепке алу;

Гранттар алуға арналған конкурстарда, өзге де тең жағдайларда есепке алу;

Студенттік ғылыми қауымдастықтарға қосылуға ықпал ету;

Студенттік өзін-өзі басқару органдарында ілгерілетуді қолдау;

Жұмысқа орналасу кезінде, сондай-ақ магистратураға немесе резидентураға түсу үшін ұсынымдар беру;

КОКСОН, Scopus, Web of Science және басқа да халықаралық индекстер базаларына кіретін ғылыми журналдардағы жарияланымдар үшін қаржылық сыйақы;

Ынталандыру мүмкіндіктері, конкурстар, стипендиялар мен гранттар туралы барлық ақпарат университеттің ресми ресурстарында (сайт, Instagram, мессенджерлер) үнемі жаңартылып отырады.

15. Білім алушының әлеуметтік құзыреттіліктерін бағалау және жұмысты ұйымдастыру тәртібі.

1) білім алушылардың әлеуметтік құзыреттерін бағалау студенттердің жеке, азаматтық, көшбасшылық және командалық қасиеттерін дамыту, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру, сондай-ақ олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін және белсенді кәсіби және қоғамдық қызметке дайындығын арттыру мақсатында жүргізіледі.

2) әлеуметтік белсенділікті бағалау SGPA көрсеткішін қалыптастырудың құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың университеттік, қалалық, республикалық және халықаралық әлеуметтік ортаны дамытуға қосқан үлесін объективті есепке алуға бағытталған.

3) білім алушының әлеуметтік құзыреті деп оның әлеуметтік ортада тиімді өзара іс-қимыл жасау, көшбасшылық қасиеттерін көрсету, түрлі әлеуметтік рөлдерге бейімделу, этикалық, құқықтық және азаматтық нормаларды сақтау, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар бастамаларға қатысу арқылы қоғамның дамуына үлес қосу қабілеті түсініледі.

4) әлеуметтік құзыреттерді бағалаудың міндеттері:

білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін есепке алудың ашық және бірыңғай рәсімдерін енгізу;

студенттерді университеттің қоғамдық, еріктілік, спорттық, мәдени, шығармашылық және ғылыми өміріне қатысуға ынталандыру;

білім алушылардың әлеуметтік бастамалары мен жобаларын іске асыру үшін жағдайлар жасау;

білім алушылардың университеттің қоғамдық өміріне қосқан үлесін объективті өлшеу және тіркеу;

тәрбие жұмысын талдау, мониторингілеу, стратегиялық жоспарлау және жетілдіру үшін деректерді ұсыну.

16. Білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыттары:

1) коммуникативтік, көшбасшылық, презентациялық және ұйымдастырушылық дағдыларды дамыту;

2) құқықтық, экономикалық, цифрлық және этикалық сауаттылықты қалыптастыру;

3) толеранттылыққа, азаматтық жауапкершілікке, әлеуметтік икемділікке және өзара іс-қимыл мәдениетіне тәрбиелеу;

4) ғылыми-зерттеу қызметіне оң көзқарасты қалыптастыру;

5) сыни және зерттеушілік ойлауды дамыту;

6) білім алушылардың университеттің ғылыми, әлеуметтік, мәдени, спорттық және

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі <i>«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже</i>	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 4- беті
--	---	--

волонтерлік жобаларына қатысуын арттыру.

17. Әлеуметтік құзыреттерді бағалау мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) білім алушының іс-шаралар мен белсенділіктерге қатысуының құжатталған фактілері;
- 2) іс-шара деңгейі (ЖОО, қалалық, республикалық, халықаралық);

3) білім алушының рөлдері (қатысушы, ерікті, ұйымдастырушы, үйлестіруші, жоба көшбасшысы);

- 4) жұмсалған сағат саны және қатысу дәрежесі;
- 5) міндеттерді орындау сапасы және қатысудың ресми нәтижелері.

18. Білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі туралы деректерді есепке алу:

1) студенттердің Университеттің ақпараттық жүйесінде белсенділік туралы мәліметтерді тіркеуі;

- 2) белгіленген үлгідегі растайтын құжаттарды бекіту;
- 3) жауапты бөлімшелердің деректерді тексеруі;
- 4) SGPA электрондық есептеу жүйесіне қорытынды баллдарды енгізу.

19. Білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі туралы деректерді жинауға, тексеруге және өндеуге жауапты:

1) Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті – әлеуметтік, мәдени, спорттық, тәрбиелік және волонтерлік бағыттар бойынша деректерді жалпы бақылауды, верификациялауды және растайтын құжаттарды есепке алуды жүзеге асырады;

2) студенттік өзін-өзі басқару - білім алушылардың студенттік іс-шараларға қатысуын растайды, қатысушылар тізімін қалыптастырады, есепті материалдарды ұсынады;

3) университеттің құрылымдық бөлімшелері (мектептер, кафедралар, студенттік ұйымдар) – білім алушылардың өз бейініндегі іс-шараларға қатысуын растайды, тізімдерді, бұйрықтарды және өзге де құжаттамаларды ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) Ғылымды дамыту департаменті — ғылыми коммуникацияға байланысты іс-шаралардың әлеуметтік құрамдас бөлігін растайды: конференцияларға, пікірталастарға, форумдарға, білім беру бастамаларына, ғылыми-ағарту акцияларына қатысу.

20. SGPA жүйесінің объективтілігін, ашықтығын және тиімділігін арттыру мақсатында білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін есепке алу сапасының жыл сайынғы мониторингін Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті жүзеге асырады.

21. SGPA есептеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда білім алушы 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментіне жазбаша апелляция береді. Апелляцияны құрамына ғылым немесе тәрбие жұмысы бағыты бойынша студенттік ректораттың өкілі, студенттік омбудсмен және әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің өкілі кіретін комиссия қарайды.

3. Қайта қарау, өзгертулер енгізу, сақтау және тарату

22. Осы Ережені қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату "құжаттаманы басқару" университеті стандартының (УС – АсМУ -02) талаптарына сәйкес Басқарма төрағасы-Ректордың атына қызметтік жазба негізінде жүзеге асырылады.

23. Осы Ереженің түпнұсқасы "Астана медицина университеті" КеАҚ Басқарма отырысы хаттамасының көшірмесімен бірге АСКД тіркеледі және сақталады.

24. Осы Ереженің сканерленген нұсқасы университеттің ресми сайтында "қызметкерлер" бөлімінде орналастырылады.

25. Осы стандарттың көшірмесі электрондық түрде ЭҚЖ арқылы барлық құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	E-ACMY-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 4-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GRA енгізу туралы ереже	

1-қосымша

Білім алушылардың еріктілік белсенділігін бағалау кестесі

Білім алушылардың әлеуметтік, спорттық және волонтерлік қызметтегі әлеуметтік дағдыларын, құзыреттері мен жетістіктерін бағалауға арналған өлшемдер мен шкалалар (балдар).

Білім алушылардың еріктілік белсенділігін бағалау кестесі.

№	Волонтерлік бағыт	Іс-шаралардың мысалдары	Денгей (маңыздылық коэффициентімен)	Қатысушы	Волонтер / Тимлидер	Супервайзер / Үйлестіруші	Жобаны ұйымдастырушы / бастамашы
1	Әлеуметтік (осал топтарға көмек)	балаларға, қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарттар үйіне көмек	ЖОО	-	2.67	3.0	3.33
			Қала	-	3.0	3.33	3.67
			Республика	-	3.0	3.33	3.67
			Халықаралық	-	3.0	3.33	3.67
2	Медициналық және донорлық	Донор күні, ауруханаларға көмек, профилактикалық іс-шаралар	ЖОО	-	3.0	3.33	3.67
			Қала	-	3.0	3.33	3.67
			Республика	-	3.33	3.67	4.0
			Халықаралық	-	3.67	4.0	4.0
3	Экологиялық	"Таза Қазақстан", ағаш отырғызу, жинау	ЖОО	-	2.33	2.67	3.0
			Қала	-	2.67	3.0	3.33
			Республика	-	2.67	3.0	3.33
			Халықаралық	-	3.0	3.33	3.67
4	Білім беру	тәлімгерлік, менторлық, тьюторлық, ағартушылық акциялар	ЖОО	2.67	3.0	3.33	3.67
			Қала	3.0	3.33	3.67	4.0
			Республика	3.0	3.67	3.67	4.0



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі
«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың
әлеуметтік GRA енгізу туралы ереже

Е-АсМУ-15-01-25
№ 1 басылым.
17 беттің 4- беті

			Халықаралық	3.33	3.67	4.0	4.0
5	Спорттық іс-шаралар	марафондарға, универсиадаларға көмек	ЖОО	-	3.0	3.33	3.67
			Қала	-	3.67	3.67	4.0
			Республика	-	3.67	4.0	4.0
			Халықаралық	-	3.67	4.0	4.0
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және құқықтық	адалдық, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша акциялар	ЖОО	2.0	2.67	3.0	3.33
			Қала	2.33	2.67	3.0	3.33
			Республика	2.67	3.0	3.33	3.67
			Халықаралық	3.0	3.33	3.67	3.67
7	Төтенше және гуманитарлық	ТЖ кезінде көмек, гуманитарлық акциялар	ЖОО	-	3.33	3.67	3.67
			Қала	-	3.67	3.67	4.0
			Республика	-	3.67	4.0	4.0
			Халықаралық	-	3.67	4.0	4.0

• Еріктілер сағаты:

- < 4 сағат - 2.33
- 4-8 сағат - 2.66
- 8-16 сағат - 3.0
- 16-32 сағат - 3.33
- 32-48 ч сағат - 3.66
- >48 сағат - 4.0

$$\text{Есептеу формуласы: } \frac{BE \times BC \times BP}{3}$$

$$\text{Мысал: } \frac{4.0(\text{Спорттық халықаралық}) \times 4.0(\text{үйлестіруші}) \times 4.0(>48 \text{ сағат})}{3} = 4.0$$

ВН – Волонтерлік бағыт;
ВЧ – Волонтерлік сағат;
ВР – Волонтерлік роль.

Ескертпе: Іс-шараны қатысуды растайтын құжаттар іс-шараны өткізген ұйымның мөрмен бекітілген волонтерлік сағаттар көрсетілген

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 4- беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GRA енгізу туралы ереже	

сертификаттар немесе алғыс хаттар болып табылады. Университеттің іс - шара жағдайында қатысушының позициясы мен волонтерлік сағаттары көрсетілген тізімді университеттің СО немесе БК төрағасы қоса беруі қажет.

2-қосымша

Білім алушылардың спорттық және шығармашылық белсенділігін бағалау кестесі

Білім алушылардың спорттық және шығармашылық белсенділігін бағалау кестесі (GRA 4.0 бойынша)

№	Спорттық белсенділіктің бағыты	Іс-шаралардың мысалдары	Денгей	Қатысушы	Жүлдегер (II-III орын)	Жеңімпаз (I орын)	Ұйымдастырушы / Капитан
1	Университет жарыстары	Ректор кубогына арналған жарыстар, ЖОО ішіндегі турнирлер, студенттер лигасы	ЖОО	2.33	2.67	3.0	3.33
2	Қалалық жарыстар	қалалық универсиада, кубоктар	Қала	2.67	3.0	3.33	3.33
3	Республикалық жарыстар	ұлттық чемпионаттар, ҚР универсиада	Республика	2.67	3.33	3.67	3.67
4	Халықаралық жарыстар	халықаралық турнирлер, чемпионаттар	Халықаралық	3.33	3.67	4.0	4.0
5	Бұқаралық спорт және дене шынықтыру	марафондарға, фитнес-челленджерге, СӨС-акцияларына қатысу	ЖОО / қала	3.0	3.33	3.67	4.0
6	Төрелік ету және ұйымдастыру	жаттықтырушы, төреші, спорттық іс-шараларды ұйымдастырушы	Барлық деңгейлер	3.0	-	-	4.0
7	Мәдени және патриоттық	концерттер, акциялар, кино көрсетілімдері, шығармашылық қызмет	ЖОО	2	2.33	2.67	3.0
			Қала	2.33	2.67	3.0	3.33

Ескертпе: Іс-шараны өткізген ұйымның мөрі басылған дипломдар, сертификаттар немесе алғыс хаттар - іс-шараға қатысуды растайтын құжаттар болып табылады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 4-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың академіктік GRA енгізу туралы ереже	

3-қосымша

Білім алушылардың ғылыми белсенділігін бағалау кестесі

Білім алушылардың ғылыми белсенділігін бағалау кестесі (GRA 4.0 бойынша)

№	Ғылыми қызмет бағыты	Е-шаралардың мысалдары	Денгей	Қатысушы	Бірлескен Автор / Баяндамашы	Автор / Жөнімпаз	Ұйымдастырушы / Басшы
1	СҒЗЖ (студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы)	зертханалық және кафедралық зерттеулерге қатысу	ЖОО	2.67	3.0	3.33	3.67
			Қала	2.67	3.0	3.33	3.67
			Республика	3.0	3.33	3.67	4.0
			Халықаралық	3.33	3.67	4.0	4.0
2	Студенттік ғылыми үйірмелер мен қоғамдар	мүшелік, белсенді қатысу, секцияны басқару	ЖОО	2.66	-	-	3.67
			Қала	2.66	-	-	3.67
			Республика	3.33	-	-	3.67
			Халықаралық	3.33	-	-	4.0
3	Конференциялар, симпозиумдар, конгрестер	ауызша және постерлік баяндамалар, тезистер	ЖОО	2.67	3.0	3.33	3.67
			Қала	2.67	3.0	3.33	3.67
			Республика	3.0	3.33	3.67	4.0
			Халықаралық	3.0	3.67	4.0	4.0
4	Ғылыми журналдардағы жарияланымдар	мақалалар, шолулар	Жергілікті журналдар және университет журналдары	-	3.0	3.67	-
			КОКСОН	-	3.0	3.67	-
			Scopus / WoS (Q3-Q4)	-	3.67	4.0	-
			Scopus / WoS (Q1-Q2)	-	3.67	4.0	-
5	Оқу және зерттеу жобалары	курстық, дипломдық, гранттық зерттеулер	ЖОО / қала	3.0	3.33	3.67	4.0
6	Иновациялар және стартаптар	хақатондар, стартаптар, инкубаторлар	ЖОО	2.67	3.0	3.33	3.67

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 4- беті
	<i>«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GRA енгізу туралы ереже</i>	

		Республика	2.67	3.0	3.33	3.67
		Халықаралық	3.33	3.67	4.0	4.0
7	Гранттар мен ғылыми конкурстар	гранттар байқауы (MinEdu, Erasmus+, Horizon және т. б.)	2.67	3.0	3.33	3.67
		Республика	3.0	3.33	3.67	4.0
		Халықаралық	3.33	3.67	4.0	4.0
8	Зияткерлік меншік	патенттер, авторлық куәліктер, енгізу актілері	–	3.33	3.67	4.0
9	Академиялық ұтқырлық	тағылымдамалар, алмасу бағдарламалары	3.33	–	–	–
		Республика	3.33	–	–	–
		Халықаралық	3.67	–	–	–
10	Олимпиадалар	пәндік олимпиадалар	2.33	2.67	3.33	3.67
		Қала	2.67	3.0	3.33	3.67
		Республика	3.0	3.33	3.67	4.0
		Халықаралық	3.0	3.67	4.0	4.0
11	Ғылыми мектептер, семинарлар, тренингілер	қысқа мерзімді курстар, Жазғы мектептер	3.0	–	–	3.67
		Республика / Халықаралық	3.0	–	–	3.67

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 13-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	

Ескертпе: Білім алушылардың ғылыми белсенділігін растау мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) СҒЗЖ, конференциялар, симпозиумдар, конгрестер, оқу және зерттеу жобалары, инновациялар мен стартаптар, гранттар мен ғылыми конкурстар, олимпиадалар, ғылыми мектептер, семинарлар, тренингілер – іс-шараны өткізген ұйымның мөрі бар сертификаттар, дипломдар, алғыс хаттар немесе басқа да растайтын құжат беру арқылы жүзеге асырылады.

2) студенттік ғылыми үйірмелер мен қоғамдар – ХҒК басшылығының қатысушылардың тізімін ұсынуы немесе ұйым немесе Қоғамдастық берген растайтын құжатты мөрмен, Фото/бейнемен, кіру күнімен растауды ұсынуы.

3) ғылыми журналдардағы жарияланымдар – жұмыстың тарауын, секциясын және беттерін көрсете отырып, жарияланған журналда жинақ және/немесе жарияланымдарға сілтеме беру арқылы жүзеге асырылады.

4) зияткерлік меншік - патент, авторлық куәліктер, енгізу актілерін беру.

5) академиялық ұтқырлық - мектеп басшылығының тізімді немесе растайтын құжатты ұсынуы.

Жалпы бағалау формуласы:

$$SGPA = \frac{(Sc \times 2.0) + (V \times 1.33) + (Sp \times 0.67)}{4.0}$$

мұнда:

- SGPA — жалпы балл (0–4.0 шкала бойынша);
- Sc – ғылыми белсенділік үшін орташа балл;
- V – волонтер белсенділік үшін орташа балл;
- Sp – спорттық белсенділік үшін орташа балл;
- 2.0, 1.33 және 0.67 коэффициенттер – бағыттардың салмақ мәндері.

Есептеу мысалы:

$$Sc=3.7, V=3.0, Sp=3.0$$

$$G = \frac{(3.7 \times 2.0) + (3.0 \times 1.33) + (3.0 \times 0.67)}{4.0} = \frac{7.4 + 3.99 + 2.01}{4.0} = \frac{13.74}{4.0} = 3.43$$

Семестрдегі қорытынды баға = 3.43 / 4.0

* Қатысу жиілігі:

1) эпизодтық сипаттағы қатысу (белсенділіктің бір бағытында семестрге 7-14 іс-шара) - белсенділіктің орташа балына (ғылыми, спорттық, волонтерлік) +0.3 қосылады.

2) тұрақты негізде қатысу (белсенділіктің бір бағытында семестрге 15-29 іс-шара) - белсенділіктің орташа балына (ғылыми, спорттық, волонтерлік) +0.5 қосылады.


3) ұзақ мерзімді сипаттағы қатысу (белсенділіктің бір бағытында семестрге 30 және одан да көп іс-шаралар) - белсенділіктің орташа балына (ғылыми, спорттық, волонтерлік) +0.7 қосылады.


Ескертпе: 4.0 ең жоғары балға жеткен жағдайда ұпайлар қосылмайды.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-15-01-25 № 1 басылым. 17 беттің 14-беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже	

Келісу парағы

№	Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Келісу парағына қол қойылған күн	Қолы
1.	Басқарма мүшесі, Академиялық жұмыс бойынша проректор.	А.К. Досанова		
2.	Басқарма мүшесі, Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор	А.Д. Шакенов		
3.	Басқарма мүшесі, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор	З.Т. Шульгау		
4.	Басқарма мүшесі, Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор.	А.О. Мысаев		
5.	Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы	М.Е. Тукбекова		
6.	Аккредитация және сапаны басқару департаментінің директоры	А.Б. Жунусова		
7.	Әлеуметтік- тәрбие жұмысы департаментінің директоры	З.Н. Шаймерденова		
8.	Студенттік ректор,	Н. Сайдакбарова		
9.	Бақылау, құжат айналымы және мемлекеттік тілді дамыту департаментінің бас маманы	Б.А.Орынбасарова		

[illegible]



**«Астана медицина университеті» КеАҚ
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі**

*«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім алушылардың
әлеуметтік GPA енгізу туралы ереже*

E-AcMY-15-01-25

№ 1 басылым.

17 беттің 17 беті

Танысу парағы

№
п/п

Лауазымы

Тегі, аты-жөні

Нұсқаулықпен танысқан күн

Қолы